

ISSN: 2788-9718 (online)

ISSN: 1814-6961 (Print)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2024. № 27 (2)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)

E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164

Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Аяған Бүркітбай Фелманұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Астана, Қазақстан) Scopus Author ID: 5865559700; ORCID

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александер, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Мотузаите-Матузевичюте, Гидре, Археология докторы, профессор, "Биоархеология" ғылыми орталығының жетекшісі, Вильнюс университеті. Вильнюс қ., Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюоске, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Отенова Гульфира Елубаевна, Тарих ғылымдарының докторы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры Павлодар қ., Қазақстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Әбікей Арман Мұратұлы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендрович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусейтова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Алимбай Нурсан, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Аяган Буркитбай Гелманович, доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Астана, Казахстан); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы) Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Мотузаите-Матузевичюте, Гидре, Доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, г. Вильнюс, Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Мунинов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Отепова Гульфира Елубаевна, Доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А. Маргулана. г. Павлодар, Казахстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Абикей Арман Муратович

Мурзаходжаев Куаньш

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru

Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Ayagan G. Burkhitbay, Professor of History, Deputy Director of the Institute of State History Institute of Republic of Kazakhstan, (Astana, Kazakhstan); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Motuzaitė-Matuzevičiūtė, Giedre, Professor (Archaeology), Full Professor, a head of Bioarchaeology Research Centre at Vilniaus Universitetas, Vilnius, Lithuania; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve "Saraishyq" - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Otepova Gulmira Elubayevna, Doctor of Historical Sciences, Professor Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilleminot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Abikey Arman

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Kopeyeva Saniya



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 2, pp. 347-360, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.81.37.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_347-360

“TARIKH-I MOGUL” AS A SOURCE OF THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

Galiya Amzeyvna Kambarbekova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
PhD, in Philology, Faculty of Oriental Studies, Department of the Middle East and South Asia
<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: kazalem@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024
© Kambarbekova G.A., 2024

Abstract. *Introduction.* The article discusses a previously unknown Persian work "Tarikh-i Mogul", written around the end of the XVth - beginning of the XVIth centuries, in which the name "Kazakh" is found. *The purpose and objectives.* Identification of as yet unstudied works through a comprehensive study of sources written in Persian, research and introduction of new information into scientific circulation. *Materials.* The article uses as its main material a work by an unknown author called "Tarikh-i Mugul". In Tarikh-i Mugul it is written that before the Gurkans came to power, the tribes of Kazakhs, Kipchaks and Kangly in the Zhetysu region plundered the property of the ruler, who was a descendant of the ruler Balasagun Afrasiab. *Results.* "Tarikh-i Mogul", written by an unknown author, is compared with other works in Persian, revealing the history of the Turkic-Mongol tribes. *Conclusion.* It was considered in various examples that the name Kazakh, which appears in the work of an unknown author, was not written by chance, but perhaps it was written because at that time it was customary to call the tribes Kazakh, Kipchak and Kangly. Therefore, the study, translation and introduction of such works into scientific circulation is considered one of the current topics.

Keywords: Persian source, Kazakh, Kipchak, Kangly, Balasagun, Tarikh-i Mogul, Gurkan, Mongol era

Acknowledgements. The article was prepared with the financial support of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan in the framework of programed-targeted funding «Kazakh Khanate of the second half of the XV - first half of the XVIII centuries» BR21882223.

For citation: Kambarbekova G.A. "Tarikh-i Mogul" as a source of the history of Kazakhstan / Otan tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 2. Pp. 347-360. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_2_347-360



«ТАРИХ-И МУҒУЛ» ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ

Галия Әмзеқызы Қамбарбекова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Филология ғылымдарының кандидаты, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы,
Шығыстану факультеті

<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: kazalem@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024.

© Қамбарбекова Г.Ә., 2024.

Андатпа. *Kipicne.* Мақалада бұрындары белгісіз болып келген шамамен XV ғасырдың соңы, XVI ғасырдың басында жазылған ішінде «қазақ» атауы кездесетін Тарих-и муғул атты парсы тіліндегі шығарма қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Парсы тілінде жазылған дереккөздерді жан-жақты зерттеу арқылы әлі де зерттелмеген шығармаларды анықтау, зерттеу және ішіндегі тың мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу. *Материалдар.* Мақалада «Тарих-и муғул» деп аталатын белгісіз автордың шығармасы басты материал ретінде қолданылады. Тарих-и муғул шығармасында гурхандар билікке келген кезге дейін Жетісу өңірінде қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпаларының Баласағұн билеушісі Афрасиябтың ұрпағы болып келетін билеушіге тыным бермей мал-мүлкін тонағаны жайлы жазылған. *Нәтижелер.* Белгісіз автордың Тарих-и муғул шығармасы түрік-моңғол тайпаларының тарихынан сыр шертетін бірқақатар парсы тіліндегі шығармалармен салыстырылды. *Қорытынды.* Белгісіз автордың шығармасында кездесетін қазақ атауы кездейсоқ жазылған мәлімет емес, бәлкім сол кезде қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпалары деп атау қалыпты болғандықтан жазылған болуы мүмкін екендігі түрлі мысалдармен қарастырылды. Сондықтан осындай шығармаларды зерттеу, аудару және ғылыми айналымға енгізу өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Түйін сөздер: Парсы дереккөзі, қазақ, қыпшақ, қаңлы, Баласағұн, Тарих-и муғул, гурхан, моңғол дәуірі

Алғыс айту. Бұл мақала ҚР БҒМ ҒК тарапынан қаржыландырылған «XV ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы» BR21882223 жобасы аясында әзірленді.

Дәйексөз үшін: Қамбарбекова Г.Ә. Тарих-и муғул Қазақстан тарихы бойынша дереккөз ретінде // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 347-360 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_2_347-360

«ТАРИХ-И МУҒУЛ» КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Галия Амзеевна Камбарбекова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)

кандидат филологических наук, факультет востоковедения, кафедра Ближнего Востока и Южной Азии

<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: kazalem@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Камбарбекова Г.А., 2024



Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается ранее неизвестное сочинение на фарси «Тарих-и Могол», созданное примерно в конце XV - начале XVI веков, в котором встречается этноним «Казах». *Цель и задачи.* Выявление еще неизученных произведений путем всестороннего изучения источников, написанных на персидском языке, исследование и введения в научный оборот новой информации о казахах. *Материалы.* В статье в качестве основного источника использовано произведение неизвестного автора «Тарих-и Мугул». В «Тарих-и Мугул» записано, что до прихода к власти гурканов племена казахов, кыпчаков и канлы в районе Жетысу разграбили имущество правителя, бывшего потомком правителя Баласагуна, Афрасиаба. *Результаты.* «Тарих-и Могол», написанное неизвестным автором, сопоставлено с другими произведениями на персидском языке, раскрывающими историю тюрко-монгольских племен. *Заключение.* На различных примерах доказывается, что название «казах», фигурирующее в произведении неизвестного автора, было им записано не случайно, а, возможно, потому, что в то время было принято называть племена казах, кыпчак и канглы. Поэтому исследование, перевод и введение таких произведений в научный оборот является одной из актуальных задач.

Ключевые слова: Источник, фарси, казах, кыпчак, канглы, Баласагун, «Тарих-и Могол», гурхан, монгольская эпоха

Благодарность. Статья подготовлена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования «Казахское ханство во второй половине XV - первой половине XVIII вв» (ИРН № BR21882223).

Для цитирования: Камбарбекова Г.А. «Тарих-и мугул» как источник по истории Казахстана // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. С. 347-360. (На Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_2_347-360

Кіріспе. Отандық ирантану саласының маңызды бағыттарының бірі парсы тіліндегі дереккөздердегі Иран, Орталық Азия, соның ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін тың дереккөздерді анықтау және ғылыми айналымға енгізу болып саналады. Иран қолжазба қорларында қазақ халқының тарихын қамтыған біршама дереккөздер сақталған. Соның біршамасы отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан зерттеліп ғылыми айналымға енген. Енді бір бөлігінің үзінділері аударылып сол аударма бойынша зерттеулер жүргізілген. Алайда мыңдаған қолжазбалардың ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты әлі де зерттелмеген қолжазбалар болуы мүмкін.

Парсы тіліндегі тарихи шығармалардың жаңа сипатта, жаңа мазмұнда көлемді болып жазыла бастаған кезі моңғолдар билігімен тұспа-тұс келеді. Иран жеріне екінші батыс жорығын бастап барған Хулагу хан (1217-1265) ирандықтардың жазу өнеріне ерекше мән беретінін байқап ата-бабасының тарихын жаздыруға қызығушылық танытқаны тарихтан белгілі. Белгілі ирандық тарихшы Ш. Баяни Хулагудың билігі тұсындағы оқиғаларды саралай келе былай деп жазады: Ирандықтар моңғол мәдениетін қабылдау былай тұрсын қайта моңғолдарға жергілікті Иран халқының мәдениетін қабылдауға ерекше жұмылып жұмыс істеді. Осындай жанкешті ирандықтардың көшбасшысы ретінде Қожа Насираддин Туси (1201-1274) мен зиялылар шыққан Бахауиддин Жувейни әулетін ерекше атап көрсету керек. Нәтижеде Жувейни әулетінің өкілі Ата Малек Жувейни Тарих-и жахангушаи шығармасын жазып шығады (Баяни, 2003: 167). Хулагу хан жеке тарихшысы ретінде Ата Мәлік Жувейниді (1226-1283) жанында ертіп жүрген. Көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болған Ата Мәлік Жувейни моңғол-түрік тайпаларының шығу тегі мен Хулагу ханның ата-бабалары, әсіресе ұлы атасы Шыңғыс хан мен Хулагудың ерліктеріне арналған



Тарих-и жахангушаи атты шығармасын жазады. Осы кезден бастап Иранда тарихи шығарманы жазғанда алғашқы тарауын Адам ата мен Хауа ананың қысқаша тарихын баяндау, одан кейін түрік-моңғол тайпаларының тарихын баяндау, содан соң Шыңғыс хан мен оның балаларының билігі туралы жазу, содан кейін тарихшының өзі өмір сүрген дәуірдегі тарихи оқиғаларды баяндау дәстүрге айналады. Осындай шығармалардың біршамасының аты Иран қолжазба қорларында әлі күнге дейін Тарих-и муғул (Моңғол тарихы) деген атпен сақталған. Оның өзіндік себептері бар. Кейбір Тарих-и муғул деп аталатын шығармалардың басы мен аяғы жоғалған. Бірақ тарихи оқиға Шыңғыс хан мен оның жорықтарынан басталатындықтан шартты түрде Тарих-и муғул деген атпен атап кеткен. Ал бірақ кейбір Тарих-и муғул деп аталатын қолжазбалардың авторы бар. Мысалы Тарих-и муғул атты тағы бір қолжазбаның авторы Құтбаддин Ширази деп жазылған (1236-1311). Бірақ бұл еңбектің авторы Құтбаддин Ширази болмауы да мүмкін. Бірақ осы автордың қолымен көшірілген қолжазба болғандықтан әрі автордың өзі моңғолдар дәуірінде өмір сүргендіктен авторы ретінде Құтбаддин Ширазидың аты жазылған (Мэлли: 10117/2). Бұдан басқа бес парақтан тұратын Тарих-и муғул атты қолжазба бар. Яфестен тарайтын түрік-моңғол тайпалары туралы баяндай келе, Шыңғыс ханның тарихы баяндалатын басы да аяғы да жоқ қолжазба Тарих-и муғул аталып кеткен (Мэлли: 5-35053). Осы секілді бірқатар Тарих-и муғул деп аталатын қолжазбаларды қарап отырып бұрындары зерттелмеген, кітап түрінде жарық көрген каталогтарға еңбеген бірақ кітапхананың тізіміне алынған қолжазбаны анықтай алдық. Мақалада осы Тарих-и муғул деп шартты түрде аталып кеткен белгісіз автордың еңбегі жан-жақты талқыланады.

Материалдар мен әдістер. Мақалада Тарих-и муғул деп аталатын белгісіз автордың қолжазбасы басты материал ретінде қолданылады. Парсы тілінде жазылған бұл шығарма түпнұсқа дереккөз болып саналады және әлемде қазірше бір нұсқасы сақталғаны анықталды. Сонымен қатар Тарих-и муғул шығармасымен бір ғасырда жазылған бірнеше дереккөз салыстырылды. Атап айтқанда Ата Мәлік Жувейнидің Тарих-и жахангушаи, Мирхондтың Раузат ас-сафа және Хондемирдің Хабиб ас-сияр шығармаларын Тарих-и муғул дереккөзінде кездесетін қазақ атауына қатысты мәліметтер салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы қарастырылады. Сонымен қатар талдау және деректануға ортақ жалпы ғылыми әдістер қолданылады.

Талқылау. Тарих-и муғул деген атау электронды каталогқа енгізу барысында шартты түрде берілген ат екендігін жоғарыда атап өттік. Шын мәнінде осы шығарманың авторы әуел баста өз шығармасын қалай атағаны белгісіз. Бұл шығарма парсы тіліндегі қолжазба каталогтардың ешбірінде кездеспейді. Әдетте зерттеушілер парсы тіліндегі дереккөздермен жұмыс істегенде белгілі ғалым Ч.А. Стори мен оны толықтырып әрі орыс тіліне аударған Ю. Брегельдің «Персидская литература» атты био-библиографиялық шолу каталогын айналып өтпейді (Стори, 1972). Алайда аты танымал каталогта мақалада қарастырылған Тарих-и муғул шығармасы туралы мәлімет кездеспейді. Бұл туралы Иран ғалымдары жазуы мүмкін деген оймен ирандық зерттеушілерінің еңбектерін қарап шықтық. Бірақ олардың да еңбектерінде бұл шығарма туралы ешбір мәлімет кездестіре алмадық. Назардан тыс қалып отырған бұл қолжазбаның тарихы өзгеше. Тарих-и муғул қолжазбасының парсы қолжазбаларының каталогтарынан кездеспейтін себебі бұл қолжазба кейіннен Иран Ислам Республикасы Ұлттық кітапханасы қолжазбалар қорына келіп түскен. Иран әлемде қолжазба мұраларының көптігімен танымал елдердің қатарына жатады. Қазіргі таңда ИИР түрлі кітапханаларының қолжазба қорларында сақталған қолжазбалардың саны жарты миллионнан асады. Бұл тізімге алынған, шифры бар қолжазбалардың саны. Бірақ әлі күнге дейін тізімге алынбаған жеке коллекцияларда сақталған қолжазба мұралардың саны белгісіз. Жеке қорларда қолжазбалардың көп болуына орай Ирандағы танымал



кітапханалар, әсіресе ИИР Ұлттық кітапханасы жеке коллекцияларда сақталған қолжазбаларды сатып алу арқылы қолжазба коллекцияларын толықтырып отырады. Осындай шараның аясында ИИР Ұлттық кітапханасының қолжазба қоры сатып алған қолжазбалардың бірі осы Тарих-и муғул шығармасы. Бұл қолжазба 2008 жылға дейін жеке адамның қорында сақталып келген. Кейіннен бұл қолжазба өзге де сатып алынған қолжазбалармен бірге электронды каталогқа енгізілген. Бұл еңбектің ішінде кездесетін қазақ атауына тоқталмас бұрын қазақ сөзінің этимологиясына назар аударғанымыз жөн.

Қазақ сөзінің шығуы мен мағынасы туралы көптеген зерттеулер мен оның нұсқалары бар. Бұл туралы зерттеушілер осы уақытқа дейін бір-біріне қайшы келетін пікірлерді ұсынған. Сондай-ақ осы күнге дейінгі зерттеулердің ішінде бір-біріне жақын пікірлер де кездеседі. Олардың ішінде қазақ сөзінің Шахнамеде тіпті Авестада кездеседі деген дәлелденбеген пікірлер де бар. Сонымен қатар 1245 жылы Мысырдағы мәмлүк қыпшақтары тарапынан жарыққа шыққан «Қыпшақ-араб сөздігі» қолжазбасына сүйенген зерттеулер де біршама. Қыпшақ-араб сөздігін зерттеген қазақ ғалымы А.Құрышжанов осы сөздіктегі қазақ (قازاق) сөзі әл-мужәррәд (المجرد) жалаңашталған, жалаңаш, қарапайым, бірдемеден айырылған; ал М.Т. Хоутсма қаңғыбас, кезбе; қазақбашлы сөзі бойдақ, үйленбеген деген мағыналарды білдіретінін жазған (Құрышжанов, 1970: 154). Алайда соңғы кезде қыпшақ-араб сөздігіндегі қазақ сөзінің мағынасы жөнінде жаңа пікір айтылып жүр. Бұл туралы Қ. Қыдырбаев қазақ сөзінің басқаша мағынасы бар екенін алға тартып, М.Т. Хоутсма да А. Құрышжанов та қазақ сөзін оқығанда бір нүктені жим (ج) әрпі деп оқығанын жазады. Яғни қазақ сөзі әл-мужәррәд (المجرد) емес, бәлкім әл-мухәррәд (المحررد) болып оқылатынын жазған. Әл-Мухәррәд сөзі «үйге кірген, үйлі болған, бөлінген» деген мағыналарды береді, үй дегені жай үй емес «пішіні түйенің өркеші тәрізді үй» деп түсіндірілген (Қыдырбаев, 2015: 76). 1245-жылы жазылған қыпшақ-араб сөздігінде қазақ сөзінің кездесуі және оның мағынасы туралы әлі де көп жазылатыны анық. Бірақ басты назар аударатын жай, осы сөздікте қазақ сөзінің кездесетіндігі мен осы сөздік хатқа түскен кезде қазақ сөзінің қолданыста болғандығында.

Қазақ сөзіне байланысты өткен ғасырда тың пікір білдірген ғалымдардың бірі В.П. Юдин. Ол өзінің зерттеуіне сүйеніп қазақ сөзінің шығуына қатысты жиырма екі сөзді талдайды және әрбір сөзге жеке-жеке тоқтап біршама сөздің ойдан шығарылғандығын дәлелдейді. Одан ары қарай В.П. Юдин «қазақ» сөзінің шығу тәркінініне «қашақ» және «қаз+оқ» сөздерінің жақын екендігін жазады (Юдин, 2001: 71). Бұл жерде оқ сөзі жебе, ру, тайпа деген мағынаны білдіретінін айта кеткен жөн. Қазақ сөзіне қатысты Б.Е. Көмеков: IX-X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қыпшақтар арасында қазақ сөзі әлеуметтік, XI-XII ғасырларда әлеуметтік-этникалық, ал XV ғасырдың екінші жартысынан бастап «қазақ» атауы этникалық мәнде айтыла бастаған. Осылайша, Б.Е. Көмеков «қазақ» сөзінің алғашында «еркін», «кезбе» деген мағынада қолданылып, әлеуметтік мәні болғандығын, осы мәнде IX-X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақта қолданыста болғандығын, қазаққа айналу үрдістері арқылы «қазақ» сөзі әлеуметтік-этникалық мәнге өзгергенін дәлелдейді, деп жазады (Қазақстан тарихы, 2008: 66).

Ал енді парсы тіліндегі жазба дереккөздерде қазақ сөзі қандай мағынада және қай ғасырда кездеседі дегенге келсек, парсы тілінде қазақ сөзі қазоқ [قزاق - qazoq/qazzoq] деп айтылады және жазылады. Парсы тіліндегі дереккөздерде Қазақстан сөзі осы кезге дейінгі зерттеулер бойынша тұғыш рет Зайнаддин Васифидың (1485-1551 немесе 1566) Бадаи әл-вақай шығармасында кездесетіні айтылып жүр. Бұл шығарма мемуарға жатады. Автор бұл еңбекті жазуды 1517 жылы Самарқанда бастап 1538/39 жылы Ташкентте аяқтаған (Стори, 1972: 1124). Бадаи әл-вақай шығармасында қазақтар туралы екі жерде баяндалады: бірі қазақтарға қарсы соғыс және екінші рет Қазақстан



жаққа қарай аттанды деп жазылған (МИКХ, 1969: 178-180). Бұл еңбек 1517-1538 жылдар аралығында жазылған. Демек жазылған уақыты жағынан 1520-24 жылдары жазылған Хабиб ас-сияр шығармасына жақын. Бірақ Хабиб ас-сиярдың авторы гурхандарға қатысты оқиғаны баяндағанда қазақ сөзін қалдырып қарлұқ пен қаңлы адамдары (халқы) деп жазған. Десек те Хабиб ас-сияр шығармасында Шайбанилердің билікке келген кезін баяндаған тұста қазақтар туралы аз да болса мәліметтер кездеседі. Мысалы Хабиб ас-сиярда 1508-1509 жылдардағы оқиғаларды баяндағанда Самарқанның маңында Мырза Байсұңқар мен ағасының бір-біріне қарсы шыққандығы туралы хабар жетеді. Осы арада Тұлын Қожа Муғұлды үш жүз қазақтың жаужүрек әскерімен алдыңғы шепке жібереді. Түнде шабуыл жасап Тұлын Қожа Муғұл көптеген самарқандықтарды жаралап, өлтіріп үлкен олжамен кері қайтады деп жазылған (Хондемир, 2001: 231). Бұдан басқа бірнеше жерде Хондемир қазақтар туралы жазады. Алайда Хондемир Шыңғыс хан дүниеге келгенге дейінгі кезеңді баяндағанда қазақ қауымы не тайпасы туралы жазбаған. Осы жерде бір кезеңде өмір сүрген авторлардың бірі жазғанын екіншісінің жазбауы немесе бірі жазған деректі екіншісі мүлдем басқаша баяндауын қалай түсіндіруге болады деген сұрақ туындайды. Хабиб ас-сияр, Бадаи эль-вақай, Михманнама-и Бұхара және басқа да парсы тіліндегі шығармаларда «қазақ» сөзі кездеседі. Бірақ Бадаи эль-вақай шығармасына дейінгі еңбектерде «Қазақстан» деген сөз ел атауы ретінде кездеспейді. Жазылған уақыты қазірше белгісіз, бірақ шамамен XV ғ. соңы мен XVI ғ. басында жазылған Тарих-м муғул шығармасында қазақ атауы кездеседі және қауымның не тайпаның аты ретінде қыпшақ, қарлұқ және қаңлы тайпаларымен қатар аталады.

Дереккөздермен жұмыс істегенде әр қолжазбаның бірнеше нұсқасы болатынын және әр нұсқаның өз ерекшелігі болатынын ескеру маңызды. Тарих-и мугул шығармасы Раузат ас-сафа шығармасына жақын екендігін ескере отырып ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған Раузат ас-сафа шығармасының қолжазбасын қарап шықтық. Бұл қолжазбада қарастырып отырған оқиға туралы: қыпшақ, қарлұқ және қаңлы тайпалары оған қатысты зұлымдық істейтін (Баласағұн билеушісіне), оның мал-мүлкін талан-таражға салатын. Баласағұн қаласы Ғу Балық (غو بالیق) деп аталады деп жазылған (Ұлттық, 276:20 а). Көріп тұрғанымыздай Раузат ас-сафа шығармасының Тегеран нұсқасында Баласағұн қаласының аты Қу Балық деп жазылған болса, Алматы нұсқасында Ғу Балық деп жазылған. Демек әр нұсқада әртүрлі жазылуы мүмкін екендігін ескере отырып Раузат ас-сафаның өзге де қолжазбаларын мұқият қарап шығу керектігін байқаймыз. Бұл мәселенің Хабиб ас-сияр, Тарих-и жахангушаи шығармаларынан басқа барлық қолжазбаларға қатысты екендігін айту қажет. Хондемирдің шығармасын арнайы зерттеген Н.Д. Миклухо-Маклай «Редакция Всеобщей истории Хондемира (Хабиб ас-сийар)» атты мақаласында қолжазбаның автографының өзгеріске ұшырап, қайта редакцияланғанына тоқтаған. Бұл шағын ғана мақалада Хондемир Хабиб ас-сияр шығармасын жазып болған соң бастан-аяқ тағы екі рет қайта көшіргенін жазады, оның бірі 1525, екіншісі 1539 жыл. Қала берді әрбір томы автордың өз қолымен екі реттен, тіпті үш реттен қайта редакцияланғаны белгілі. Яғни автор кейбір қате кеткен жерлерін қайта өңдеп толықтырып шыққан (Миклухо-Маклай, 1967: 23-24). Бұндай жағдай Раузат ас-сафа шығармасында да кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды Тарих-и муғул шығармасы танымал шығарманың автографы ма әлде кейінірек жазылған редакциясы ма деген сұраққа назар аудару. Тарих-и муғул шығармасы да және осы шығармамен салыстырылған Тарих-и жахангушаи, Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармаларының әрқайсысы бірнеше нұсқада сақталған. Қала берді парсы тіліндегі дереккөздердің ішінде тура осы үш шығарма ең көп көшіріліп халық арасына кең тараған еңбектердің қатарына жатады. Бүгінгі таңда әлемнің танымал



кітапханаларының көбісінен Тарих-и жахангушаи, Раузат-ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармаларының нұсқаларын кездестіруге болады (Rieu, 1883: 1064-1065).

Бұдан басқа тағы бір ескеретін жай Р. Груссе болсын басқа да зерттеушілер болсын тура осы гурхандарға және моңғол дәуіріне қатысты жазғанда негізінен парсы дереккөздеріне сүйенген. Мысалы Р. Груссе Империя степей атты кітабында көптеген деректерді келтіргенде Ата Мәлік Жувейнидің Тарих-и жахангушаи шығармасына сілтеме жасаған (Djouweuni, 1834: 441). Сондай-ақ көптеген батыс ғалымдары мен кеңес дәуіріндегі ғалымдардың сүйенген дереккөздері парсы тіліндегі дереккөздер екендігін байқаймыз.

Нәтижелер. Авторы белгісіз Тарих-и муғул шығармасының инвентарлық нөмірі 5-27563, көлемі 82 парақ, әр бетте 20 жол, жазуы насталиқ. Бөлімдердің аты қызыл сиямен жазылған. Қолжазба толық емес, соңы жоғалған. ИИР Ұлттық кітапханасы қолжазбалар бөлімі маманының осы қолжазбаға жазған анықтамасы мынадай: «Бұл шығарма шамасы үлкен бір шығарманың бір бөлігі болса керек. Себебі әдемі безендірілген алғысөзден соң әдеби орамдарды пайдаланбай бір дегеннен «Шыңғыс ханның хытай жаққа қарай жорығы және сол кезде ғайыптың пердесінен орын алған оқиғалардың шәрхы» деген бөлімнен басталып кетеді. Осы шығарманың бөлімдерінің аты Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр атты екі кітаптың бөлімдерінің атына ұқсас болуына орай аталмыш екі шығармамен салыстырылып шыққанын айта кету керек. Бірақ [жаңағы екі шығармамен] бір екендігі байқалмады. Қолжазбаның ішінде төртбұрышты мөр бар (1b, 2 a). Мөрдегі жазу: Лә иләһә илләлләһ әл-Мәлик әл-Хаққ әл-мубәйән убдәһ моһр сәлим». 1389/2010 жылы қайта қарастырылды. 1387/2008 жылы Жәлал Сұлтан Ахмадиден сатып алынды (Мәлли: 27563). Шағын ғана аннотацияның өзі көптеген жайды аңғартады. Кішігірім аннотациядан қолжазбаның Шыңғыс ханның ерліктері мен жорықтарына арналған шығарма екенін және сол себепті шығарманың аты Тарих-и муғул деп шартты түрде аталып кеткенін аңғарамыз. Алайда мұқият оқи бастағанда ішінен назар аударарлық бір сөзді кездестіреміз. Ғылыми ортаға бұрындары белгісіз болып келген, жеке адамның коллекциясында сақталған Тарих-и муғул шығармасында «қазақ» деген атау кездеседі. Моңғол тарихына арналған шығармада қазақ атауының кездесуі таң қалатын жағдай болмаса керек. Себебі барлық тарихи шығармаларда аңыз бойынша Яфестен тараған ұрпақтардың ішінде түрік пен моңғол түбі бір екендігі жазылады. Оның үстіне Шыңғыс ханның әскерінің негізгі бөлігін құраған түрік тайпалары екендігі тарихтан белгілі. Олай болса қазақ сөзінің бұл еңбекте қалай және қандай сипатта баяндалғанына кеңірек назар аудару маңызды. Алдымен Тарих-и муғул шығармасы неше бөлімнен тұрады, баяндау стилі жағынан өзге тарихи шығармаларға ұқсайды ма немесе қаншалықты ұқсас екендігіне тоқталамыз.

Тарих-и муғул шығармасы көптеген ортағасырлық парсы тіліндегі тарихи шығармалар секілді күрделі проза стилінде жазылған. Иран тарихшылары әдетте тарихи, діни, философиялық шығарма болмасын арасында өз ойларын өлең түрінде жеткізуге тырысқан. Бұл шығармада да біраз жерде өлең жолдары кездеседі. Тарих-и муғул шығармасы жалпы отыз тоғыз бөлімнен тұрады. Басы «Шыңғыс ханның хытай жаққа қарай жорығы және сол кезде ғайыптың пердесінен орын алған оқиғалардың шәрхы» деген бөлімнен басталса, соңы жоғалғандықтан «Құбылай ханның құрылтайы, сол заманда орын алған оқиғалар» деген бөлімге келгенде аяқталмай қалады. Тарих-и муғул шығармасының кішігірім алғысөзі (муқаддима) бар. Әдетте алғысөзде шығарманың аты мен авторы, не үшін жазылғандығы мен тапсырыс берушісі туралы мәлімет кездеседі. Алайда әдемі басталған алғысөзде алты жол өлеңмен осы шығарманы жазған құдайдың пендесі шахтың шапанына оранатыны мен жаратушының сүйікті пендесі атанатынына үміті бар екендігі баяндалған соң, бірден негізгі мәтін, яғни «Шыңғыс ханның хытай жаққа қарай жорығы және сол кезде



ғайыптың пердесінен орын алған оқиғалардың шәрхы» деген қызыл сиямен жазылған бөлім басталып кетеді. Әдетте парсы тіліндегі шығармаларда алғысөздің өзі көлемді болатыны баршаға белгілі. Оның үстіне алғысөзде автор не үшін және кімнің тапсырысымен жазғанын және бұрынғы өткен патшалардың бәріне мадақ айтып әрі оларды таныстырып барып бастайтын ереже болған. Бұл шығарманың алғысөзі тым қысқа және аяқасты бітіп қалған алғысөзден кейін бірден негізгі мәтін басталады. Одан басқа тағы бір назар аударатын жай, ол Шыңғыс ханның тарихына арналған барлық шығармалары оның ата-бабаларын, шығу тегін баяндап барып Шыңғыс ханның жорықтарын бір-бірлеп баяндайтын болған. Ал, Тарих-и муғул шығармасында олай емес. Қысқа алғысөзден кейін бірден Шыңғыс ханның хытайлар жаққа қарай жорығынан басталады. Осы жерде қидандарға жасалған жорыққа дейінгі Шыңғыс ханның тарихы неге жазылмаған деген сұрақ туындайды. Осы себепті болса керек Тарих-и муғул қолжазбасына анықтама жазған ирандық маман үлкен бір шығарманың бір бөлігі немесе томы деп шамалаған. Сондай-ақ Тарих-и муғул қолжазбасының Шыңғыс ханның хатундары мен әулеті деген бөлімінде: Зафарнаманың алғысөзінде Алтан ханның қызы туралы жазылған деген сөзді кездестіреміз (Мэлли, 11 а). Демек бұл шығарманың авторы Зафарнаманы оқыған және сол шығарманың алғысөзін пайдаланған деген ойға қаламыз. Әрине, қайсы Зафармана деген сұрақ туындайды. Себебі екі Зафарнама бар. Дегенмен екі Зафарнама да XV ғ. жазылған шығармалар. Ал белгісіз автор да шамамен XV ғасырдың соңы, XVI ғасырдың басында өмір сүрген болса керек. Тарих-и муғул шығармасының бесінші бөлімі: Гурхан деп аталатын қарақытай сұлтандары мен Таян ханның ұлы Күшлік жайының баяны деп аталады. Осы бөлімнің бас жағында қазақ атауы кездеседі. Осы оқиғаның түпнұсқадан аудармасы төмендегідей:

Гурхан деп аталатын қарақытай сұлтандары мен Таян ханның ұлы Күшлік жайының баяны. Қарақытайлар өз патшасын курхан (гурхан) деп атайды, яғни хандардың ханы. Олар шығыс елдерінің танымал және сыйлы адамдарынан болған. Осы жамағаттың туған жері (шыққан жері) хытай уәлаяты болған. Шыңғыс хан туғанға дейін біраз уақыт бұрын кейбір сол уақытта орын алған оқиғаларға байланысты олардың басшысы өз қауымы мен тайпасының сексен адамымен, кейбір деректер бойынша үлкен топпен хытайдан сыртқа шыққан. Және қырғыз шектеріне жақындағанда олардың арасы мен сахара халқы және жергілікті халықтың арасында шайқас болады, бір-бірін шауып тонайды. Және ол жерден өтіп ел болғанда (ел болып ұйысқанда) сол аймақта қаланың негізін қалайды. Және сол жерге түріктердің көптеген қауымдарының жиналғаны сондай олардың саны қырық мың отбасыға жетеді. Сол кезден бастан Баласағұн қаласында, моңғол (муғул) оны У Балық (عو بالیغ), яғни жақсы қала деп атайды. Афрасияб ұрпағынан бір хан болды және оның көп сән-салтанаты (күдіреті) болмағандықтан қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпалары (قزاق و قپچاق و قانغلی) оған қатысты көп зұлымдық жасайтын және оның мал-мүлкін талан-таражға салатын. Хан ол жамағатқа тойтарыс беріп алдын алуға әлсіз болды. Қысқасы Афрасиябтың немересі қарақытайдың қайыры, сән-салтанаты, күдіреті мен күшінің басымдылығын естігенде гурханға елші жібереді. Оған өзінің әлсіздігін айтып мемлекетін оған тапсыру үшін астанасы жаққа қарай келуін өтінеді. Көп ұзамай дұшпанның зұлымдығынан құтылып жанына жастанып жатып демалғысы келеді. Гурхан оның өтініші бойынша Баласағұнға келеді және аяғын сұлтандықтың тағына тірейді. Афрасиябтың немересінің атынан хан атын алып тастайды және оны Илк туркман деп атайды. Сол аймақтағы түрік тайпаларын ел етіп, бағындырып Қашғар мен Хотанға әскер жіберіп өзіне қаратады. Мойынсұну шеңберінен сыртқа шыққан Бесбалық пен қырғыз хандарын тағы да бір рет бағындырады. Ферғана мен Мәуераннахрға әскер жіберіп сол мемлекеттерді де өзіне бағындырады. Ата-бабалары



сұлтандардың сұлтаны Османнан тарайтын Мәуераннахр сұлтандары оның бұйырығына мойынсұнады. Ол 536 жылы Сұлтан Санжармен соғысып, оны жеңеді. Осы жеңістен кейін көптеген Мәуераннахр мен Түркістан елдеріне билік етті (Мәлли, 21b-22a).

Осыдан кейін гурхандардың билігі мен Шыңғыс ханнан қорқып қашып келіп пана сұраған Таян ханның ұлы Күшлік туралы баяндайды. Күшлік өзін паналатқан гурханның шығыс жақтағы әмірлерінің арасындағы бүлік пен олардың Шыңғыс ханға барып қосылғанын байқайды. Сұлтан Осман да гурханнан көңілі суып кетеді. Ол қолайлы мүмкіндікті күтіп жүреді. Сол кезде Сұлтан Мұхаммед Хорезмшах Күшлікке жасырын хат жіберіп гурханға қарсы шайқасқа шақырады. Нәтижеде гурханды Күшлік өлтіріп, оның иелігіндегі жердің біршамасына билік құрады. Күшліктің мәсиhi дінін ұстанғандықтан халықты бұтқа табынуға және мәсиhi (христиан) дініне шақырады. Кімде кім қабылдамаса оларды аямай өлтіртеді. Одан кейін осы туралы естіген Шыңғыс хан Жебе ноянды жіберіп көп ұзамай өлім құшқан Күшліктің оқиғасы баяндалады.

Гурхандардың Баласағұн қаласына келгені туралы бірқатар парсы тіліндегі дереккөздерде баяндалған. Алайда әр дереккөзде әртүрлі. Тарих-и муғул дереккөзінің өзге шығармалардан басты айырмашылығы ішінде қазақ атауының болғандығында екендігін жоғарыда атап өттік. Шығарманың мазмұнымен толықтай танысып болған соң сенімді түрде Тарих-и муғул шығармасы Раузат ас-сафа шығармасына жақын жазылған тіпті кейбір бөлімдері бірдей деуге болады. Тарих-и муғул шығармасының баяндау әдісі мен стилі және пайдаланған сөздері бәрі Раузат ас-сафа шығармасына келеді. Бірақ айырмашылықтары да бар. Ең басты айырмашылығы Раузат ас-сафа шығармасында қазақ сөзі кездеспейді, ол сөздің орнына қарлұқ тайпасы деген сөз жазылған. Сондықтан Тарих-и муғул мен Раузат ас-сафа және моңғол тарихына арналған басқа да парсы тіліндегі шығармалардағы тура осы гурхандар туралы оқиғаға қатысты баяндалған мәліметтерді салыстырдық. Ол үшін Тарих-и муғул шығармасының 5-бөлімінде кездесетін қазақ сөзі мен осы тараудағы қысқаша мәліметті Тарих-и жахангушай, Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармаларындағы қарақытайлар мен гурхандар туралы баяндалған бөлімі таблицанда берілді.

Кесте 1. «Тарих жахангушай», «Раузат ас-сафа» және «Хабиб ас-сияр» шығармаларындағы қазақ тайпаларына қатысты деректердің мәтінін салыстыру кестесі
[Table 1. Comparative table of the texts “Tarikh-I jahangushai”, “Rauzat as-safa and Habib as-siyar” related to the Kazakh tribes].

Тарих-и жахангушай, авторы Ата Мәлік Жувейни, 1252/53-1260 жылдары жазылған	Раузат ас-сафа, авторы Мухаммад ибн Хванд-шах ибн Махмуд (1433-1498) Мирхонд атымен танылған, 1498 жылы жазылған	Хабиб ас-сияр, Гийасаддин ибн Хумам аддин ибн Хванд-Әмир (941/1534-35 дүние салған) Хондемир атымен танылған, 1520-24 жылдары жазылған
Қарақытай хандарының түбі хытайдан, олар да сол қауымның сыйлы және танымал адамдарынан болған. Мәжбүр болғандықтан жерлерін тастап кетеді де қатерлі де қиын сапарға аттануға тура келеді. Олардың әмірін немесе көсемін гурхан дейді, яғни хандардың ханы. Гурхан үйінен шыққанда сол қауымның сексен адамымен шыққан. Басқа дерек бойынша үлкен топ және жамағатпен шыққан. Қырғыз шектеріне	Қарақытайлар өз патшаларын гурхан деп атайды, яғни хандардың ханы. Және олар шығыс елдерінің танымал да сыйлы адамдарынан болған. Ол жамағаттың шыққан тегі хытаи уәләты болған және Шыңғыс хан туғанға дейін біраз уақыт бұрын сол заманның оқиғалары бойынша олардың көсемі тайпасының сексен адамымен, кейбір деректер бойынша үлкен топпен хытайдан сыртқа шығады.	Қарақытай тайпасының шыққан жері хытаи уәләты. Олар сол уәләттың сыйлы адамдарынан болған. Және өз патшаларын гурхан деп атаған, ал хытаилар Алтан хан деп атаған. Шыңғыс ханның туылуынан бұрын сол тайпаның сексен адамы өзінің туыстары мен малдарымен, кейбір деректер бойынша көп топпен хытайдан сыртқа шығады да қырғыз шектеріне



<p>жеткенде сол жерде тұратын тайпаларға жүйелі түрде шабуыл жасайды. Ол қауым да бұларға қарсы шығады. Содан соң хытай қауымы ол жерден кетіп Имилге (Еміл) жетеді. Ол жерде қала салады, ол қаланың орны қалған. Сол жерде көптеген түрік және басқа да қауымдар оларға қосылады. Соншалықты болғаны саны қырық мың отбасыға жетеді. Сол себепті ол жерде тұратын жер табылмайды. Содан жолға шығады және Баласағұнға келеді. Қазір моңғол оны Ғар Балық деп атайды. Баласағұнның әмірі өзінің түбін Афрасиябтан шығаратын бір адам болатын, бірақ күші мен құдіреті жоқ еді. Сол жерде өмір сүретін қарлұқ, қаңлы атты түрік тайпалары Баласағұнның әміріне мойынсұнудан бас тартып қарсы шығады. Оның үйірлі малына, мал-мүлкі мен жан-жағына қасқырдай шабуыл жасайтын. Ол әмір осы тайпаларға қарсы шығып қорғануға әлсіздік танытады. Гурханның жеңістері мен артына ергендер туралы естігенде оған елшілер жіберіп, қаңлылар мен қарлұқтардың бүлігі мен үстемдігінің алдында әлсіз екенін ескертеді және оның келуін өтініп мемлекетін оның қолына тапсырып заманының қайғысынан айрылғысы келеді (Жувейни, 1999: 243)</p>	<p>Ол топ қырғыз шектеріне жеткенде олардың арасында дала халқы мен сол жердің адамдарының арасында шайқас болады, бір-бірін тонап, талан-таражға салады. Ол жерден өтіп Емілге жетеді. Сол аймақта қала салады және сол жерге көптеген сол жамағат пен түріктерден адам жиналады. Көптігі сондай саны қырық мың отбасыға жетеді. Сол кезде Баласағұн қаласында моңғол оны Қу Балық, яғни жақсы қала деп атайды Афрасияб нәсілінен бір хан болды. Көп күші болмаған соң қарлұқ, қыпшақ және қаңлы тайпалары оған қатысты зұлымдық істейтін, оның мал-мүлкін талан-таражға салатын. Хан ол жамағатқа қарсы шығуға әлсіз болатын. Қысқасы Афрасиябтың немересі қарақытайдың күші, құдіреті мен сән-салтанатын естігенде гурханға елші жібереді де өзінің мойынсұнатынын жеткізеді. Және өзінің мемлекетін оған тапсыру үшін астанасынан жолға шығып келуін өтінеді және көп ұзамай дұшпанның зұлымдығынан аман қалып жанына жастанып демалуды қалайды (Мирхонд, 2001: 3817-3818).</p>	<p>барады. Және олар мен қырғыздардың арасында шайқас болады. Ол жерден Емілге барады. Сол жерде қала салады. Шамамен түріктерден мың жаужүрек отбасы сол жерге жиналды. Сол кезде Баласағұн елінде, моңғолдар оны Ғу Балық деп атайды яғни жақсы қала Афрасиябтың нәсілінен бір хан болды. Бірақ соншалықты күші болмады. Және қарлұқ пен қаңлының адамдары оның уәләтының мал-мүлкін талан-таражға салатын. Сондықтан гурханға елші жіберіп осы жаққа келуін Баласағұнды жаулап алып қарлұқ пен қаңлының зұлымдығының алдын алуды өтінеді. Гурхан Баласағұнға барып салтанат тағына отырады (Хондемир, 2001: 40).</p>
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

«Тарих-и муғул» қолжазбасында баяндалған оқиғаға оралатын болсақ, гурхандарға қатысты мәлімет ең алдымен Тарих-и жахангушай шығармасында кездеседі. Хулагу ханның (1217-1265) жылнамашысы болған Ата Мәлік Жувейни бұл еңбегінде Жетісу аймағына гурхандар келгенге дейінгі оқиғаны баяндағанда Афрасиябтың ұрпағы болып келетін басшыға қарлұқ пен қаңлы (قرليغ و قنقلی) тайпаларының күн бермегенін жазады, ал қыпшақ сөзі кездеспейді. Ал Баласағұн қаласын Ғар Балық (غر باليغ) деп жазады. Алайда көлемді әрі жан-жақты толық мәліметтерді қамтыған Жами ат-тауарих шығармасында Рашидаддин бұл оқиғаны басқаша баяндайды, яғни гурхандардың Жетісуға келуі туралы бірқатар мәліметтер бере келе найман ханы Күшлік екеуінің арасындағы шайқасты кеңінен баяндайды. Алайда Шыңғыс хан туғанға дейін Баласағұн маңында өмір сүрген қазақ, қыпшақ, қарлұқ және қаңлылар туралы мәлімет кездеспейді (Рашидаддин, 2001: 244-248). Демек Тарих-и муғул шығармасының авторы Ата Мәлік Жувейнидің еңбегін оқыған және сүйенген, бірақ Рашиаддиннің еңбегіне тікелей сүйенбегенге ұқсайды.

Ал 1458-жылы жазылған Мирхондтың көлемді Раузат ас-сафа шығармасында Шыңғыс ханның батысқа жорығынан бұрын орын алған Баласағұн маңындағы гурхандардың оқиғасы шамалы басқаша баяндалған. Мирхондтың баяндауы жоғарыда атап өткендей Тарих-и муғул қолжазбасына жақын. Бірақ қазақ, қыпшақ, қаңлы (قرق و قپچاق و قانغلی) тайпалары дегеннің орнына қарлұқ, қыпшақ,



қаңлы (قرلىق و قىچاق و قانقلى) тайпалары, ал Баласағұн қаласының аты Қу Балық (قو بالىغ) деп жазылған. Тарих-и муғул шығармасында қыпшақ атауы қыпшақ болып ч әрпінің нүктесі түсіп х болып жазылған. Бірақ нүктенің қойылмауы жиі кездесетіндігін ескере отырып қыпшақ деп оқылады. Мирхондтың немересі Хондамирдің Хабиб ас-сияр шығармасында тура осы тайпалардың атауларын қарлұқ пен қаңлы (قرلىق و قنقلى), ал Баласағұн қаласы Ғу Балық (غو بالىغ) деп жазылған. Тарих-и Жахангушаи шығармасының кейбір нұсқаларында қарлұқ деген сөз қарнақ (قرنق) деп те жазылған (Жувейни, 2001: 40).

Енді Тарих-и муғул қолжазбасындағы қазақ, қыпшақ және қаңлыларға қатысты оқиғаның орын алған уақытына келер болсақ, Тарих-и муғул шығармасында Шыңғыс хан туғанға дейін біраз уақыт бұрын, яғни қарақытайлардың Жетісуға келген кезі баяндалады. Тура осы мәлімет Раузат ас-сафа мен Хабиб ас-сияр шығармасында қайталады. Қарақытайлардың Жетісуға келген кезі XII ғ. басы болатын. Бұл туралы Р. Груссе былай деп жазады: В западной части Исык-Куля караханиды, правившие в Баласагуне в тот период, испытывали угрозу со стороны как карлукских тюрокв нижнего течения реки Или, так и канхлийских тюрокв на севере Арала. Они обратились к предводителю киданей Юэлю Тачэю, который поспешил на помощь, сместил с трона непредусмотрительного караханида и сменил его. Баласагун, таким образом стал столицей Юэлю Тачая, который присвоил себе тюркский имперский титул гурхана иои, властителя мира, который впоследствии носили его потомки (Груссе, 2005: 164-165). Ал Қазақстан тарихы кітабында: Қарақытайлардың Орталық Азияға келуіне жергілікті көшпелі тайпалардың шапқыншылығы себепші болды. 1125 жылы Елюй Даши әскерінің Емілге келуі Жетісуда қалыптасқан мемлекеттік институттарға түбегейлі өзгеріс енгізген жоқ. Қарақытайлардың саяси ықпалы Жетісудың бір бөлігіне, Сырдарияның оң жағалауына және басқа аудандарға таралды. Бірақ бірте-бірте тайпалар арасындағы қақтығысты пайдаланған қарақытайлар көп жерге иелік етті. Санжар сұлтанды жеңген соң гурхан Баласағұн түбінде Ғұз-Ордада өз ордасын құрды, деп жазылған (Қазақстан тарихы, 2010: 416-417). Қарақытайлардың Жетісуға келген кезін ғалымдар бір ауыздан 12 ғ. басы яғни 1125 деп көрсеткен. Бұл кезде әлі Шыңғыс ханның дүниеге келмеген кезі болатын. Шыңғыс ханның дүниеге келген кезі туралы дерек екі түрлі: 1155 және 1165. Бірақ дүние салған жылы көптеген дереккөздерде 1227 жыл деп көрсетілген. Демек, Тарих-и муғул шығармасында қазақ тайпасы деген сөздің кездесеуін саралай отырып Шыңғыс хан туғанға дейінгі уақытта қазақ деген тайпаның болғандығы мен оның қарлұқ, қыпшақ және қаңлы тайпаларымен қатар өмір сүргенін аңғартса керек деген ой туындайды. Айта кетер жай қазақ, қыпшақ, қаңлы тайпасы дегенді түпнұсқада қабиле [قبيله] деп жазылған. Қабиле сөзінің түбі араб сөзі, мағынасы тайпа, бір топ, бір әкеден туған перзенттердің тобы дегенді білдіреді (Әмид, 1997: 1569). Сондықтан осы ойды қуаттайтын деректерді өзге де жазба дереккөздерден іздейміз.

Қорытынды. Авторы белгісіз «Тарих-и муғул» шығармасында кездесетін қазақ сөзіне қатысты ойымызды тұжырымдай келе төмендегідей қорытындыға келеміз. Біріншіден, Тарих-и муғул шығармасының тілі мен баяндау әдісі жағынан Раузат ас-сафа және Хабиб ас-сияр шығармасына жақын. Демек жазылған уақыты да осы екі шығарма жазылған 1498-1524 жылдар аралығында жазылуы мүмкін деп шамалауға болады. Екіншіден, Тарих-и муғул шығармасы толық сақталмаған әрі авторы белгісіз. Бірақ мазмұны жағынан Раузат-ас-сафа шығармасына жақын болғандығына қарап, бәлкім бұл Раузат ас-сафаның бір көшірмесі не болмаса автографы болуы мүмкін деген ойға келеміз. Бірақ олай ойлауға кедергі болатын бір ғана сөз – қазақ сөзі. Біз қарап шыққан Раузат ас-сафа шығармасының ешбір нұсқасында қазақ атауы кездеспейді. Осы тұста белгісіз көшіруші (кәтиб) Раузат ас-сафа шығармасын қайта көшіргенде қазақ



атауын қарлұқ атауымен қателесіп жазуы мүмкін бе деген сұрақты қоюға болады. Бірақ автор немесе көшіруші қателескенмен қазақ деген атаудың қате емес екендігі анық. Сондай-ақ көшіруші өзі білмейтін, таныс емес сөзді мәтінге өз жанынан қосуы мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Автор өзі жазған шығарманы қайта қарап шыққанда кейбір жерлеріне өзгертулер енгізіп, түзетеді. Көшіруші қателесіп нүктелерін қоймай не болмаса кейбір әріптерді қате жазуы мүмкін, бірақ өз жанынан мәтінге сөз қоса алмайды. Әрине көшіруші кейде жиектерге қосымша түсініктер жазуы мүмкін. Бірақ анық жазылған қазақ сөзі қателесіп жазылған сөзге ұқсамайды. Осы жерде айта кетер жай, ортағасырлық шығармалардың көбісі арнайы тапсырыспен жазылатын болған. Белгілі бір тарихи шығарманы жаздырту, оны қайта көшірту, қағазы, бояуы және т.б. шығындары кез-келген қарапайым адамның қалтасы көтермейтін шығыны көп жұмыс.

Үшіншіден, егер Тарих-и муғул шығармасын Раузат ас-сафаның қайта көшірілген бір нұсқасы емес жеке шығарма деп қарастырсақ, онда белгісіз автор қазақ деген қауымды (тайпаны) білгендіктен жазған деп шамалауға болады. Яғни, қазақ, қыпшақ және қаңлы қауымы не тайпалары гурхандар билікке келгенге дейінгі уақытта танымал түрік тайпалары болған. Бұл жағдайда белгісіз автор қазақ, қыпшақ, қаңлы деп сол кездегі түрік тайпаларын атай отырып олардың Жетісу өңірінде өмір сүргендігі туралы қолында бар мәліметті жазғанға ұқсайды. Одан басқа, белгісіз автордың «Тарих-и жахангушай», «Раузат ас-сафа» шығармаларынан басқа дереккөздерге сүйеніп жазғандығын байқаймыз. Бірақ «Тарих-и муғул» шығармасы Раузат ас-сафа шығармасына қаншалықты ұқсағанымен басталуы, тақырыптардың атауы және тағы да басқа жерлерде ұқсамайтын тұстары бар. Демек, «Тарих-и муғул» шығармасы жеке-дара шығарма деуге болады. Бір жағынан белгісіз автор бұл еңбекті жазғанда бірқатар парсы тіліндегі дереккөздерге сүйенгені анық. Ал екінші бір жағынан өзіндік баяндау стилі қалыптасқан автор екендігін көрсетеді. Тарих-и муғул шығармасында кездесетін, назарымызды өзіне ерекше аударған қазақ атауы қай жағынан алып қарасақ та маңызды. Шыңғыс хан туғанға дейінгі уақытта Жетісу өңірінде қазақ, қыпшақ және қаңлылардың өмір сүруі де тарихи оқиғалардан тыс емес және расталған мәлімет. 1245-жылы хатқа түскен қыпшақ-араб сөздігінде кездесетін қазақ сөзінің кездейсоқ емес, сол кезде қолданыста болған сөз екендігін қуаттай түседі. Қазақ этникалық тобы туралы Қазақстан тарихы кітабында қазақ сөзіне қатысты бірқатар мәліметтерді саралай келе, баяндалған материал XI-XII ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында «қазақ» деп аталатын этникалық-элеуметтік топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл айтылғандардан қазақ халқы моңғолдардан бұрынғы уақытта қалыптасқан деген тұжырым туындамайды. XI-XII ғасырлардың басында далалық өңірде де, егіншілік алқаптарда мекендеген және бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер шеңберінде олардың қоғамы тіршілігінің тұтас және біріңғай жүйесін құрған қыпшақ тайпаларының топтасуы қазақ халқының қалыптасуында да маңызды кезең болды. Этникалық үдерістердің дамуы негізінде XI-XII ғасырларда Қыпшақ хандығында қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасады (Қазақстан тарихы, 2010: 430). XI-XII ғасырларда қазақ халқы қалыптасып үлгермегенмен қазақ атауы қауымның, яғни этникалық топтың атауы болғандығын көптеген дереккөздер растайды. Қала берді Қазақстан тарихында жазылған бұл тұжырымға да біршама уақыт өтті. Алдағы уақытта бәлкім бұл тұжырым да біршама өзгереді. Бұл бағытта жаңа дереккөздер табылып жазбаша дереккөздер базасы жыл сайын толығырақ. Ең бастысы зерттеушілер талмай жаңа дереккөздерді табуға жұмылуы тиіс. Олай болса, «Тарих-и муғул» шығармасындағы деректер алдағы уақытта өзге де шығыс тілдеріндегі, яғни қытай, моңғол, түрік, араб және парсы тілдерінде жазылған тың дереккөздермен салыстырылып қазақ атауына қатысты мәліметтермен әлі де толықтырылатын болады деген ойдамыз.



Қолжазба деректері

Мэлли — ИИР Ұлттық кітапханасы (10117/2)
 Мэлли — ИИР Ұлттық кітапханасы (5-35053)
 Мэлли — ИИР Ұлттық кітапханасы (27563)
 Тарих-и муғул — ИИР Ұлттық кітапханасы (27563)
 Ұлттық — ҚР Ұлттық кітапханасы (276)

Manuscript Sources

Melli — The National Library of IRI (10117/2)
 Melli — The National Library of IRI (27563)
 Melli — The National Library of IRI (5-35053)
 Tarikh-i mogul — The National Library of IRI (27563)
 Ulttiq — The National Library of RK (276)

Әдебиеттер

- Әмид, 1997 — *Әмид Х. Фарханги Әмид*. Т. II. Тегеран: Әмир Кәбир, 1999. 1569 б.
 Баяни, 2003 — *Баяни Ш.* Мугулан ва хукумате Илхани дәр Иран. Тегеран: САМТ, 2003. 167 б.
 Груссе, 2005 — *Груссе Р.* Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан. Том. I. Пер. с франц. Х.К. Хамраева // Сост. Б.М. Сужиков. Алматы: Санат, 2005. 412 р.
 Djouweyni, 1834 — *Djouweyni A.M.* Tarikh-i djahvn kouchva, traduit dans d'Ohsson, Histoire Der Mongols, Vol. I. (Histoire des Mongols: depuis Tchinguiz-Khan jusqu'à Timour Bey, ou Tamerlan. La Haye et Amsterdam: Les frères Van Cleef, 1834. 441 р.
 Жувейни, 2001 — *Жувейни А.М.* Тарих-и жахангушаи. Баспаға әзірлеген: Мансур Серват. Тегеран: Амир Кабир, 2001. 32 б.
 Курьшжанов, 1970 — *Курьшжанов А.* Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата: Наука, 1970. 234 с.
 Қазақстан тарихы, 2008 — *Қазақстан тарихы* этникалық зерттеулерде. Т. I. Жалайыр. Алматы: Алаш тарихи-зерттеу орталығы, 2008. 66 б.
 Қазақстан тарихы, 2010 — *Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 1-том, Алматы: Атамұра, 2010. Б. 416-417.
 Қыдырбаев, 2015 — *Қыдырбаев Қ.* Қазақ сөзінің этимологиясы (1245 жылы жарық көрген Қыпшақ-Араб сөздігінің қолжазбасы негізінде // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. 2015. № 3 (53). Б. 65-75.
 Миклухо-Маклай, 1969 — *Миклухо-Маклай Н.Д.* Редакция всеобщей истории Хондемира (Хабиб ас-сияр). Письменные памятники и проблемы истории культуры народов востока. Тезисы докладов III годичной научной сессии ЛО ИНА май 1967 года, 1972. С. 23-24.
 Материалы по истории Казахских ханств, 1969 — *Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков* (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 178-180.
 Мирхонд, 2001 — *Мирхонд М.Х.* Раузат ас-сафа. Т. VIII. Баспаға әзірген: Ж. Киянфар. Тегеран: Асатир, 2001. 3817-3818 б.
 Рашидаддин, 2001 — *Рашидаддин Ф.Х.* Жами ат-тауарих. Баспаға әзірлеген: Б. Карими. Тегеран: Иқбал, 2001. 244-248 б.
 Rieu, 1883 — *Rieu Ch.* Catalogue of the Persian Manuscripts in British Museum. Vol. III. London: British Museum, 1883. Pp. 1064-1065.
 Стори, 1972 — *Стори Ч.А.* Персидская литература. Био-библиографический обзор. Перевел с английского, переработал, дополнил Ю.Э. Брегель. Т. II. Москва: Главная редакция восточной литературы, 1972. 1124 с.
 Хондемир, 2001 — *Хондемир Г.* Хабиб ас-сияр. Т. III. Алғысөзін жазған: Ж. Хумаи, Баспаға әзірлеген: Д. Сяки. Тегеран: Хайям, 2001. 40 б.
 Юдин, 2001 — *Юдин В.П.* Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 71 с.

References

- Amid, 1997 — *Amid Kh.* Farhangi Amid. V. II. [Amid's dictionary] Tehran: Amir Kabir, 1997. 1569 p. (In Per.).
 Bayani, 2003 — *Bayani Sh.* Mogulan va hokomate Ilkhani dar Iran [The Mongols and the Ilkhanids dynasty in Iran]. Tehran: SAMT, 2003. 167 p. (In Per.).



Djouweyni, 1834 — *Djouweyni A.M.* Tarikh-i djahvn kouchva, traduit dans d'Ohsson, Histoire Der Mongols, Vol. I. (Histoire des Mongols: depuis Tchinguiz-Khan jusqu'à Timour Bey, ou Tamerlan. [The History of the Mongols: from Chingis Khan till Tamerlan]. La Haye et Amsterdam: Les frères Van Cleef, 1834. 441 p. (In Fren.).

Grusset, 2005 — *Grusset R.* Imperya stepei. Attila, Chingis khan, Tamerlan. Vol. I. [The Empire of the Steppes]. Trans. From French: H.K. Hamrayeva. Almaty: Sanat, 2005. Pp. 164-165. (In Russ.).

Juweiny, 2001 — *Juweiny A.M.* Tarikh-I jahangushai. [History of the world conqueror]. Baspaga azirlegen: M. Servat. Tehran: Amir Kabir, 2001. 32 p. (In Per.).

Khondemir, 2001 — *Khondemir G.* Habib as-Siyar. Vol. III. [Friend of life stories]. Algisozin jazgan: J. Humai, Baspaga azirlegen: D.Syaqi. Tehran: Khayyam, 2001. 40 p. (In Per.).

Materyali po istoriy Kazakhskikh khanstv, 1969 — *Materyali po istoriy Kazakhskikh khanstv XV-XVIII vekov* (Iz vlechenie iz persidskikh i turkskikh sochineniy) [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from Persian and Turkic works)]. Sostviteli: S. K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishulina, V.P. Yudin. Alma-Ata: Nauka, 1969. Pp. 178-180. (In Russ.).

Mirkhond, 2001 — *Mirkhond M.Kh.* Rawzat as-Safa. Vol. VIII. [Garden of purity]. Baspaga azirlegen: J. Kyanfar. Tehran: Asatir, 2001. Pp. 3817-3818. (In Per.).

Qazaqstan tarikhi, 2008 — *Qazaqstan tarikhi* etnikaliq zertteulerde. T. I. Jalayir. Almaty: Alash tarikhi-zertteu ortaligi, 2008. 66 p. (In Kaz.).

Qazaqstan tarikhi, 2010 — *Qazaqstan tarikhi* (kone zamannan buginge deyin). Bes tomliq. Vol. I. [The History of Kazakhstan: from ancient till contemporary period. Five volumes, Vol. I.] Almaty: Atamura, 2010. Pp. 416-417. (In Kaz.).

Qidirbayev, 2015 — *Qidirbayev Q.* «Qazaq sozinin etimologiasy (1245 jili jariq korgen Qipchaq-Arab sozdiginin qoljazbasi negizinde [Etymology of the Kazakh word (based on the manuscript of the Kypchak-Arabic dictionary published in 1245)]. Abay atindagi QazUPU-din Habarshisi, «Philologia gylymdari» seriasy, 2015. No. 3 (53). Pp. 65-75. (In Kaz.).

Rashidaddin, 2001 — *Rashidaddin F.Kh.* Jami at-tawarikh. [General History] // Baspaga azirlegen: B. Karimi. Tehran: Iqbal, 2001. Pp. 244-248. (In Per.).

Rieu, 1883 — *Rieu Ch.* Catalogue of the Persian Manuscripts in British Museum. Vol. III. London: British Museum, 1883. Pp. 1064-1065. (In Eng.).

Storey, 1972 — *Storey Ch.A.* Persidskaya literatura. Bio-bibliographichesky obzor. Perevel s angliskogo, pererabotal, dopolnil Yu.Ye. Bregel. T. II. [Persian Literature: Bio-bibliographical survey]. Moskva: Glavnaya redakchya vostochnoy literaturi, 1972. 1124 p. (In Russ.).

Yudin, 2001 — *Yudin V.P.* Tcentralnaya Asia v XIV-XVIII vekakh glazami vostokoveda. [Central Asia in the XIV-XVIII centuries through the eyes of an orientalist]. Almaty: Daik-Press, 2001. 71 p. (In Russ.).

Kurushjanov, 1970 — *Kurushjanov A.* Issledovanie po leksike starokipchakskogo pismennogo pamyatnika XIII v. «Turkcko-arabskogo slovary». [Research on the vocabulary of the Old Kypchak written monument of the 13th century. Turkic-Arabic Dictionary] Alma-Ata: Nauka, 1970. 234 p. (In Russ.).

Miklukho-Maklay, 1969 — *Miklukho-Maklay N.D.* Redakchya vseobshey istoriy Khandemira (Habib as-Siyar). [Editorial office of the General History of Khondemir (Habib al-Siyar)]. Pismennye pamyatniki i problem istoriy kulturi narodov vostoka. Tesisi dokladov III godichnoy nauchnoi sessiy LO INA may 1967 goda, 1972. Pp. 23-24. (In Russ.).



ОТАН ТАРИХЫ. 2024 № 27 (2)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ. 2024. № 27 (2)

МЕТОДОЛОГИЯ / METHODOLOGY

Смағұлов О., Смағұлова А.

ҚАЗАҚСТАН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 50-ҒАСЫРЛЫҚ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ.....284

ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Әбсадық А. А., Исенов Ө. И.

ӘБІЛҚАЙЫР (1693 - 1748) ТУРАЛЫ ТАРИХИ АҢЫЗДАР:
«ХАН СҮЙЕГІ» ҚОРЫМЫ, ҚАРАҚҰМ ҚҰРЫЛТАЙЫ.....301

Аманова М.И.

ТРАДИЦИЯ 和亲 (ХЭЦИНЬ): ДИНАСТИЧЕСКИЕ БРАКИ МЕЖДУ КИТАЕМ И ТЮРКСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ ДИНАСТИИ СУЙ.....317

Жолдасұлы Т., Байжанова Г.Н.

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕР:
АТЕИСТІК ШАБУҢАЛ МЕН ҮГІТ-НАСИХАТ.....328

Қамбарбекова Ф.Ә.

«ТАРИХ-И МУҒУЛ» ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....347

Қанаатов Е.Е. (Узбекистан)

ДӘУКЕСКЕН (УЭЗІР) ҚАЛАСЫ361

Қапбаров Г.Ш., Гюндозду А., Шашаева Г.К.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІНІҢ
ДИНАМИКАСЫ (1991-2023 жж.).....376

Кванбау О. (Турция)

KEY CONCEPTS OF THE MEIJI PERIOD IN GENRO COUNCIL
STUDIES (LATE XIXth CENTURY).....389

Munai Ye. (КНР), Abdilashim D. (Япония)

RESEARCH ON THE NOBLE TITLES IN ÖTÄMİŞ HÄJĪ'S ĞINGİZ-NĀMA.....403

Оралова А.А., Қабылдинов З.Е.

ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫ.....413

Ошан Ж., Борбасов С. М., Оралова А.А.

ДЖУНГАРСКИЙ НОЙОН АМУРСАНА, КАЗАХСКИЙ ХАН АБЫЛАЙ И
КОЖАБЕРГЕН БАТЫР.....432

Saktajanova Z.G., Baigozhina G.M.

CONSTRUCTING THE NATIONAL IDENTITY OF KAZAKHS IN LITERARY
WORKS OF HISTORICAL GENRE IN THE 1960-1970s.....450

Sheriyazdanov B.R., Akanov K.G.

KOREANS DEPORTED TO KAZAKHSTAN: HISTORICAL MEMORY
AND EXPERIENCE OF ADAPTATION.....466

Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Medeubayev Ye.I.

DEVELOPMENT OF BIOGRAPHICAL RESEARCH AS A FACTOR
OF CONCEIVING NATIONAL IDENTITY.....481

Торайгыров Е.М.

ВОПРОС О ПРИНАДЛЕЖНОСТИ ИРТЫШСКОЙ ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ
ПОЛОСЫ (XIX – НАЧАЛО XX В.).....493

АРХЕОЛОГИЯ / ЭПИГРАФИКА

Мүминов Ә.Қ. (Турция), Медерова Д.Е., Дүйсенов Б.Д.

«АБАТ-БАЙТАҚ» ҚОРЫМЫНЫҢ АРАБЖАЗУЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ – АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНЕН KEЙІНГІ ҚОҒАМНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....514

Бекзатқызы И.

ОЙКОНИМИЧЕСКАЯ СИСТЕМА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ:
ФОРМИРОВАНИЕ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ.....529



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
